

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Индустриялық-инновациялық саясатты іске асыру жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 1343 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 қазандағы N 1689 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.10.27. N 1689 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Индустриялық-инновациялық саясатты іске асыру жөніндегі үйлестіру кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Кеңес құрамы;

2) Кеңес туралы ереже бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2003 жылғы 29 желтоқсандағы

N 1343 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы
Индустриялық-инновациялық саясатты іске асыру жөніндегі үйлестіру
кеңесінің құрамы**

Шөкеев Өмірзақ - Қазақстан Республикасы

Естайұлы Премьер-Министрінің орынбасары, төраға

Школьник - Қазақстан Республикасының Индустрия және

Владимир Сергеевич сауда министрі, төрағаның орынбасары

Қосынов - Қазақстан Республикасының Индустрия және

Алмас Олжабайұлы сауда вице-министрі, хатшы

Жәмішев - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

Болат Бидахметұлы

Евниев - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы
Арман Қайратұлы вице-министрі
Радостовец - Республикалық тау-кен және тау-кен
Николай Владимирович металлургия кәсіпорындары қауымдастығының
президенті (келісім бойынша)

Кеңес мүшелері:

Келімбетов - "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры"
Қайрат Нематұлы акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы
(келісім бойынша)

Глухов - Қазақстан Республикасы жиһаз және ағаш
Михаил Николаевич өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары
қауымдастығының президенті
(келісім бойынша)

Худова - Қазақстан Республикасының жеңіл өнеркәсіп
Любовь Николаевна кәсіпорындары қауымдастығы басқармасының
төрайымы (келісім бойынша)

Беклемишев - Қазақстан Республикасы жер қойнауын
Павел Иннокентьевич пайдаланушылар үшін жабдық өндірушілер
мен қызметтер көрсетушілер
қауымдастығының президенті, "Белкамит"
бірлескен кәсіпорны" акционерлік
қоғамының бас директоры (келісім бойынша)

Қасымбек - Қазақстан Республикасының Көлік және
Жеңіс Махмұтұлы коммуникация вице-министрі

Қуанғанов - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Фархад Шаймұратұлы министрлігінің жауапты хатшысы

Перуашев - "Атамекен" Одағы" Қазақстан ұлттық
Азат Тұрлыбекұлы экономикалық палатасының төрағасы (келісім
бойынша)

Сұлтанов - "Қазақстанның ФармМедИндустриясы"
Серік Егелұлы Қазақстанның фармацевтикалық және
медициналық өнімдерін өндірушілер
қауымдастығының президенті (келісім
б о й ы н ш а)

Ескерту. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.07.14. N 764 ,
2005.04.22. N 377 , 2005.12.02. N 1184 , 2007.05.31. N 442 , 2007.10.29. N 1006 ,
2008.12.31. N 1352 қаулыларымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 29 желтоқсандағы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Индустриялық-инновациялық саясатты іске асыру жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ереже

Осы ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Индустриялық-инновациялық саясатты іске асыру жөніндегі үйлестіру кеңесі (бұдан әрі - Үйлестіру кеңесі) қызметінің міндеттерін, функцияларын, құқықтық және ұйымдық негіздерін айқындайды.

1. Жалпы ережелер

1. Үйлестіру кеңесі мемлекеттік органдар мен мемлекеттік даму институттарының индустриялық-инновациялық саясатты іске асыру мәселелері бойынша келісілген көзқарастарды, шешімдерді және ұсынымдарды әзірлеу мақсатында құрылды.

2. Үйлестіру кеңесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

3. Үйлестіру кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын және осы Ережені басшылыққа алады.

2. Үйлестіру кеңесінің міндеттері

4. Үйлестіру кеңесінің негізгі міндеттері мыналар:

1) Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын (бұдан әрі - Стратегия) тиімді іске асыруға бағытталған экономика, ғылым, білім беру, өнеркәсіп, өндірістік инфрақұрылым салаларында келісілген мемлекеттік саясатты қабылдау және іске асыру ;

2) инвестициялық саясат мәселелеріндегі мемлекеттік даму институттарының келісілген іс-қимылдары ;

3) Стратегияны іске асыруға бағытталған мемлекеттік органдар мен мемлекеттік даму институттарының келісілген іс-қимылдары бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар дайындау болып табылады.

3. Үйлестіру кеңесінің функциялары

5. Үйлестіру кеңесі қойылған міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады :

- 1) Стратегияны іске асыруға тікелей немесе жанама әсер ететін салаларда мемлекеттік саясатты іске асыруға тұжырымдамалық көзқарастар әзірлейді;
- 2) дамуы елдің индустриялық-инновациялық тұрғысынан маңызды болып табылатын өнеркәсіптің басым салалары мен секторларын айқындау жөнінде ұсыныстар әзірлейді;
- 3) елдің индустриялық-инновациялық дамуын қамтамасыз ету үшін іске асыруға қажетті іс-шаралар бойынша ұсыныстар әзірлейді;
- 4) мемлекеттік даму институттарының келісілген инвестициялық саясатын қамтамасыз ету, олардың арасында тиімді ақпарат алмасу мен инвестициялық және инновациялық жобаларды бірлесіп іске асыру бойынша ұсыныстар әзірлейді;
- 5) Стратегияны өңірлік деңгейде іске асыру бойынша ұсыныстар әзірлейді;
- 6) инвестициялық ахуалды жетілдіру және ел экономикасының шикізат емес секторына тікелей шетел инвестицияларын тарту жөніндегі жұмыс тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлейді.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.02. N 1184 қаулысымен.

4. Үйлестіру кеңесінің құқықтары

6. Үйлестіру кеңесінің заңнамада белгіленген тәртіппен және өз құзыреті шегінде:

- 1) Стратегияны іске асыру мәселелері бойынша ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізуге;
- 2) өз жұмысына мемлекеттік органдардың басшыларын, ғалымдарды, сарапшыларды және мамандарды тартуға құқығы бар.

5. Жұмысты ұйымдастыру

7. Үйлестіру кеңесінің дербес құрамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі.

8. Үйлестіру кеңесінің төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, Үйлестіру кеңесінің отырыстарына төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды.

9. Үйлестіру кеңесінің төрағасы жоқ болғанда отырыс Үйлестіру кеңесінің төрағасы орынбасарларының бірінің төрағалық етуімен өткізіледі.

10. Үйлестіру кеңесінің кезекті отырысының күн тәртібін оның төрағасы немесе оның орынбасарларының бірі Үйлестіру кеңесі мүшелерінің ұсыныстарын ескере отырып жасайды.

11. Үйлестіру кеңесінің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

12. Отырыс Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқанда заңды болып есептеледі.

13. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Үйлестіру кеңесінің жұмыс органы болып табылады.

14. Үйлестіру кеңесінің шешімдері төраға немесе отырыста төрағалық еткен оның орынбасарларының бірі қол қоятын хаттамамен ресімделеді.